


## 5 тақырып. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру

- 1 ) Кәсіпорынның қаржылық ортасы
- 2 ) Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру мен қаржыландыру көздері
- 3 ) Кәсіпкерлік қызметті несиелеу.
- 4 ) Кәсіпкерліктегі лизингтік операциялар


# 1. Кәсіпорынның қаржылық ортасы

Кәсіпорынның қаржы ресурстары – шаруашылық субъектінің иелігіндегі қаражаттар жиынтығы. Ол кәсіпорын табысын қалыптастыру, бөлу және пайдалану үрдісін көрсетеді, сондай-ақ, қаржылық міндеттемелерді орындауға және кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге арналған.




Кәсіпорын қаржылары оның өндірістік-шаруашылық қызметі барысында пайда болады, сондай-ақ оның қаржылық ресурстарын қалыптастыру және бөлумен байланысты ақшалай қатынастарды сипаттайды.

Кәсіпорында қаржы бөлу, ұдайы өндіру және бақылау функцияларын орындайды.



**Кәсіпорынның барлық ақшалай ағымдарының немесе қаржылық ресурстарының қалыптасуы мен пайдаланылуын келесі түрде бөліп көрсетуге болады:**

- Кәсіпорынның ақша ағымын реттеу;
- Қаржы ресурстарын қалыптастыру;
- Қаржы ресурстарын бөлу және пайдалану.



**Қаржылық қатынастар құрамында  
кәсіпорынның ақшалай қатынастарының  
келесідей топтарын бөліп көрсетуге болады:**

- Бастапқы табыстарды қалыптастыру және шаруашылық ішіндегі мақсатты құру мен қолдану бойынша (жарғылық капитал, жинақтау, тұтыну, резервтік қорлар)
- Контрагенттер арасындағы ақшалай қатынастар;
- Қаржыларды бөлу бойынша ұйымдар мен кәсіпорындар арасындағы ақшалай қатынастар

Тұтынушылар арасындағы ақшалай қатынастар.

□ Сақтандыру ұйымдары арасындағы ақшалай қатынастар;


□ Банктік жүйе арасындағы ақшалай қатынастар;

□ Мемлекет пен кәсіпорын арасындағы ақшалай қатынастар.



## Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын ұйымдастырудың негізгі қағидалары:

- Қаржы ресурстарының құрылымы мен көлемінің оңтайлы құрамы
- Қаржы ресурстарының қаржыландыру көздерінің оңтайлы құрамы;
- Қаржы ресурстарын мақсаты және ұтымды пайдалану;
- Қаржы резервтерін құру және қаржы ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету т.б..



Кәсіпорынның қаржылық  
ортасы –кәсіпорынның  
қаржылық қатынастар  
субъектілерімен және  
объектілерімен көпжақты  
өзара іскерлік байланыстар  
кешені.




## 2. Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру мен қаржыландыру көздері

- Кәсіпкерлік қызметтің дамуы мен тиімділігіне оны қаржыландыру шамасы тікелей әсер етеді. Яғни, қажетті көлемде қаржы ресурстары болуы тиіс. Қаржы – тауар-ақша қатынастарымен байланысты қалыптасқан категориялардың бірі.


## Қаржы ресурстарын алу көздеріне байланысты 3 топқа бөлуге болады:

- Меншікті қаражаттар есебінен құрылатын қаржы ресурстары (, жалпы пайда, таза пайда, азаматтардан түсетін мақсатты түсімдер, бюджеттен бөлінетін қаражаттар және басқа да түсімдер);
- Қаржы нарығында жұмылдырылған қарыздық (заемдық) қаржылық қаражаттар ( банктер мен басқа да қаржылық институттардың несиелер ресурстары, бюджеттік, коммерциялық несиелер т.б.);
- Тартылған қаржылық қаражаттар ( кәсіпорындағы бағалы қағаздарды сатудан түсетін табыстар, ағымдағы және инвестициялық қызметке үлестік қатысудан түскен қаражаттар, бюджеттік субсидиялар, кредиторлық берешектер және басқа да ресурстар).



**Кәсіпорынды қаржыландыру көздерін тандау кезінде төмендегідей бес негізгі міндетті шешу қажет:**

- Қысқа және ұзақ мерзімді капиталға деген қажеттілікті анықтау керек;
- Ұтымды құрылымды анықтау мақсатында қаражаттардың активтері мен пассивтерінің құрамын анықтау керек;

- 
- A dark grey arrow points from the left edge of the slide towards the first list item. Several thin, light blue curved lines originate from the bottom left corner and sweep upwards and to the right, crossing behind the text.
- Кәсіпорынның меншікті және қарыз қаражаттарын максималды пайда әкелетіндей етіп пайдалану керек;
  - Шаруашылық қызметті қаржыландыруға деген шығындарды төмендеу керек.

Қаржыландыру жүйесі қаржыландыру көздері мен қаржыландырудың ұйымдық нысандарын қамтиды.

**Қаржыландыру көздерін әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге болады:**

Меншік қатынастары бойынша: меншікті және қарыздық қаржыландыру көздеріне бөлінеді.

- Меншік түрлері бойынша мемлекеттік ресурстар, жеке және заңды тұлғалардың қаражаттары, шетелдік көздер болып бөлінеді.

□ Уақыт сипаттамалары бойынша қаржыландыру көздерін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп бөлуге болады.

## Қаржыландырудың ұйымдық нысандары келесілерді қамтиды:

- Өзін-өзі қаржыландыу ( бөленбеген пайда, амортизациялық аударымдар, резервтік капитал, қосымша капитал және т.б.).
- Акционерлік және үлестік қаржыландыру (жарғылық капиталға қатысу, акцияларды сатып алу т.б.).
- Қарыздық қаржыландыру ( республикалық, аймақтық және жергілікті бюджеттерден қайтарымды негіздегі несиелер, барлық деңгейдегі бюджеттерден қайтарымсыз негізде бөлінген қаражаттар, мақсатты республикалық инвестициялық бағдарламалар т.б.).
- Қаржыландырудың ерекше нысандары ( жобалық қаржыландыру, венчурлік қаржыландыру, шетелдік капиталды тарту жолымен қаржыландыру).
- Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру көздерін келесі таблица түрінде көрсетуге болады.

## Кәсіпкерлік қызмет қаржыландыру көздері

- Ішкі
  - Жарғылық капитал
  - Қосымша(үстеме) капитал
  - Резервтік капитал
  - Амотизациялық қор
  - Бөлінбеген пайда
  - Басқа да көздер
- Сыртқы
  - Банк несиелері
  - Бюджет қаражаттары
  - Бюджеттен тыс қорлардың қаржаттары
  - Бағалы қағаздар шығарудан түскен қаражаттар
  - Басқа да көздер

### 3. Кәсіпкерлік қызметті несиелеу.

Сыртқы қаржыландырудың ең кеңінен тараған түрлерінің бірі несиелеу болып табылады. Кәсіпкерлік қызметті несиелеу мәселесін қарастырмас бұрын несиенің түсінігі мен негізгі түрлеріне қысқаша тоқталайық.



Несие – бір меншік иесінің басқа меншік иесіне кезкелген нысандағы (тауарлық, ақшалай, материалдық емес) құндылықтарды уақытша пайдалануға берумен байланысты экономикалық қатынастар жүйесі.

□ Несиені пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға берілетін ссудалық капитал қозғалысы деп те атайды. Несиелік қатынастар субъектісіне қарыз беруші және қарыз алушы жатады.

- Қарыз берушы – қарызды беретін несиелік қатынастың бір жағы және уақытша пайдалануға қарыз беруші субъектілер. Оларға банктер, банктік емес мекемелер, мемлекет, шаруашылық субъектілер және жеке тұлғалар жатады.
- Қарыз алушы – несиені алушы және қайтаруға міндетті, несиелік қатынастың екінші жағы. Қарыз алушыға ақша қаражатына қажеттілігі бар кез келген ұйымдар, мекемелер, шаруашылық жүргізуші субъектілер, кәсіпкерлер, жеке тұлғаларды т.б. жатқызуға болады.

## Несие мынандай қызметтерді атқарады:

- Қайта бөлу
- Айналыс шығындарын үнемдеу
- Айналыстағы нақты ақшалардың орнын уақытша алмастыру
- Капиталдың шоғарлануын жеделдету

# Несие ақшалай несие тауар берілетін несиені банктік несие деп атайды.

Несиенің түрлері өте көп және ол әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі:

1) Мерзіміне қарай

- Қысқа мерзімді несие (1 жылға дейін)
- Орта мерзімді несие (1 жылдан 5 жылға дейін)
- Ұзақ мерзімді несие (5 жылдан жоғары)



## 2) Пайдалану сипатына қарай:

- Негізгі қорларға жұмсалатын несиесі
- Айналым қаражатына жұмсалатын несиесі

### 3 ) Қамтамасыз ету дәрежесіне қарай:

□ а) қамтамасыз етілген несие:

- кепіл хатпен

- кепілдемемен

- кепілдікпен

□ ә) қамтамасыз етілмеген несие.

□ б) сақтандырылған несие

## 4) қайтарылу дәрежесіне қарай:

- - стандартты несие – несиенің қайтарылу уақыты жетпеген, бірақ қайтарылатынына ешқандай күмән жоқ несие;
- - күмәнді несие – қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несие.
- - Үмітсіз несие- қайтару уақыты кешіктірілген, мерзімі өткен ссудалар шотына жазылған несие.

## 5) Валютамен берілуіне қарай:

- Ұлттық валютамен берілген несие;
- Шетел валютасымен берілген несие.

## 6) Берілу шартына қарай:


- Тұтыну несиесі – жеке тұлғаларға тұтыну тауарларын сатып алу үшін және тұрмыстық қызметтерді өтуге берілетін есие.
- Ипотекалық несие – қозғалмайтын мүліктерді (тұрғын үйді, ғимаратты, жерді т.с.с.) кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие.
- Банк аралық несие – банктердің бір-біріне беретін несиесі.



- **Сенім - несиесі** – банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары корпоративтік клиенттерге берілген несие.
- **Ломбардтық несие** – тауарлы- материалдық құндылықтар мен мүліктік т.б. кепілге ала отырып , несие берушінің қатаң тіркелген сомада қысқа мерзімге беретін несиесі және т.б.

## 4. Кәсіпкерліктегі лизингтік операциялар

- Лизинг – бір жағына инвестициялық қызмет түрі болса, екінші жағынан жалдың (аренданың) ерекше түрі болып табылады. Бірақ жалдан (арендадан) айырмашылығы лизинг алушы лизинг затын болашақта өз меншігіне өткізу құқығына ие бола алады. Лизингтің арқасында кәсіпкер немесе кәсіпорын өндіріске қажетті құралдарды ірі капитал салымын жасамастан уақытша пайдалануға мүмкіндік алады.




Қазақстан Республикасының « Қаржы лизингі туралы» заңына сәйкес қаржы лизингі (лизинг) – лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алуға және лизинг шартымен келісінген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақыға және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін кемінде үш жыл мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі

Лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру  
мына талаптардың біріне сай келуге тиіс:

1) Лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға тіркелген баға бойынша лизинг нысанасын сатып алу құқығын беру лизинг шартымен айқындалады;

2) Лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 пайызынан асады;

3) Лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық ( дисконтталған) құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 пайызынан асады;



**Лизингтік операцияға негізінен үш қатысушы қатысады. Олар:**

- **Лизинг беруші(лизингтік компания)**
- **Лизинг алушы**
- **Лизинг нысанасын сатушы.**

□ Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» заңында лизингтің екі нысаны, яғни ішкі және халықаралық нысандары анықталған. Сонымен қатар лизингтің келесі түрлері көрсетілген : қайтару лизингі, қайталама лизинг, банк лизингі, толық лизинг, сублизинг және таза лизинг

- Ішкі лизингті жүзеге асырған кезде лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады, ал халықаралық лизингте лизинг беруші немесе лизинг алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайды.
- **Қайтару лизингі** – лизингтің бір түрі, ол бойынша сатушы лизинг затын берушіге осы лизинг затын лизинг алушы ретінде лизингке алу талабымен сатады.
- **Қайталама лизинг** – лизинг берушінің өз меншігінде қалған лизинг заты, лизинг шарты тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда басқа лизинг алушыға лизингке берілетін лизингтің бір түрі.

□ **Сублизинг** – лизинг алушы (сублизинг беруші) бұрын лизинг шарты бойынша лизинг берушіден алынған және лизинг затын құрайтын мүлікті төлемақысына және сублизинг шартының талаптарына сәйкес белгілі бір мерзімге уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін үшінші тұлғаларға (сублизинг берушілерге) пайдалануға беретін лизингтің бір түрі.

□ **Факторинг** (ағылшынша factoring ағылшынның factor деген сөзінен шыққан сауда агенті, делдал деген мағынанф білдіреді) – тауарларды сату мен қызмет көрсету үрдісінде контрагенттер арасында туындайтын төлендеген қарыздарды (борышқорлық талаптарды немесе шот фактураны) факторингтік компаниялардың (банктің факторингтік бөлемінің) төлеуімен байланысты комиссиялық операциялардың бір түрі.



**Факторингті кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру әдістерінің бірі ретінде де қарыстыруға болады.**

**Факторингтік операцияға әдетте үш тарап қатысады.**

Олар келесілер:

- Факторингтік компания немесе банктің факторингтік бөлімі. Ол өз клиенттерінен борышқорлық талаптарды немесе шот фактураны сатып алатын мамандырылған мекеме немесе арнайы бөлім.
- Клиент-фирма (тауарды жеткізуші, кредитор) – факторингтік компаниямен келесім жасасатын фирма.
- Қарыз алушы-фирма – тауарды сатып алушы (дебитор).

- Факторингітік компанияның негізгі қызметі қысқа мерзімді ( 180 күннен аспайтын ) дебиторлық берешекті сатып алу жолымен жеткізушіні несиелеу болып табылады.
- Факторингітік операциялар жеткізушінің төлемді алуды жеделдету мақсатында жүргізіледі. Жеткізуші кәсіпорындар банкке (факторингітік компанияға) жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлем құжаттары бойынша төлемді талап ету құқығын береді.

Банк жеткізушіге төленуге тиісті сомманың бір бөлігін бірден береді, ал қалған бөлігін сатып алушыдан қаражаттар түскеннен кейін жеткізушінің есеп шотына аударады. Сондай-ақ, келесімде жеткізуші кәсіпорынға сатып алушыдан алуғы тиіс толық соманы тез арада төлеу қарастырылуы мүмкін (тез арада төлеу «*сконто*» деп аталады). Әдетте, мұндай операцияларды жүзеге асырғаны үшін банк кәсіпорыннан қосымша төлем алады.